

И.С.Конев атындағы Алматы жоғары әскери училищесін Қазақстан Республикасы қарулы Күштерінің Әскери академиясы етіп қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1997 жылғы 11 ақпандағы N 3353.

Білікті офицер кадрларын даярлау жүйесін жетілдіру мен әскери ғылымның дамуы үшін жағдай жасау мақсатында қаулы етемін:

1. И.С.Конев атындағы Алматы жоғары әскери училищесі Қазақстан Республикасы қарулы Күштерінің Әскери академиясы болып қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери академиясының негізгі міндеттері:

- 1) жоғары әскери, жоғары әскери-арнаулы білімі бар офицер кадрларын даярлау;
- 2) офицер құрамын қайта даярлау мен жетілдіру;
- 3) әскери ғылыми-педагог кадрларын даярлау болып белгіленсін.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2002.02.27. N 815 жарлығымен.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі екі ай мерзім ішінде:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери академиясының Жарғысы мен ол туралы Ережені әзірлеп, бекітетін болсын;

2) 1997 жылға арналған Республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі бойынша көзделген қаражат шегінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери академиясының қызметін қаржыландыру мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қолданатын болсын ;

3) Үкіметтің қаулыларын осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті